



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№154
(20628)



10 қазан, сейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboiy@yandex.kz

www.syrboiy.kz

www.facebook.com/syrboiy_kz/

www.instagram.com/syrboiy_kz

https://twitter.com/syrboiy

t.me/syrboiy_kz

ПРЕЗИДЕНТ



БІРҚАТАР ТАПСЫРМА БЕРДІ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ішкі істер министрі Ержан Сәденовті қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа еліміз бойынша кісі өлтіру, бұзақылық, ұрлық, қаракшылық, тонау және мал ұрлығына қатысты қылмыстар санының айтарлықтай төмендеуіне ықпал еткен алдын алу шаралары туралы мәлімет берілді. Көшелердегі қауіпсіздік деңгейінің артқаны атап өтілді.

Президентке құқық бұзушылықтарға «мүлде төзбеушілік» және жазаның бұлтартпастығы, кәмілетке толмағандардың құқығын қорғау және интернет-алаықшылыққа қарсы іс-қимыл бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде баяндалды.

Ержан Сәденовтің айтуынша, жыл басынан бері ауыспалы нөмірлерден шалынған 37 миллион қоңырау бұғатылып, заңға қайшы контенті бар 16 мың сайт анықталған.

Мемлекет басшысына Нұсқаулыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспардың іске асырылуы туралы ақпарат берілді. Министрдің айтуынша, 31 тоннадан астам есірткі және 79 тонна прекурсор тәркіленіп, 39 есірткі зертханасы жойылған.

Сонымен қатар Президентке қылмыстық-атқару жүйесі мен Ұлттық ұлан қызметінің қазіргі жай-күйі туралы айтылды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік деңгейін одан әрі арттыруға бағытталған бірқатар тапсырма берді.

АГЕНТТІК ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Кеше сондай-ақ Президент Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Әлимановты қабылдады.

Мемлекет басшысына Қаржылық мониторинг агенттігінің биылғы 9 айда атқарған жұмыстарының нәтижесі және алдағы уақытқа арналған жоспары туралы баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа жыл басынан бері мемлекетке жаппы сомасы 217 миллиард теңге болатын активтер қайтарылғаны, сондай-ақ көлемділі экономикалық деңгейі 18,7 пайызға дейін төмендегені жөнінде мәлімет берілді.

Сонымен қатар Жанат Әлиманов құқық қорғау органдарына 229 талдау материалы жолданғанын, есірткі сатушылардың қаржылық операцияларын бұғаттау тәжірибесі жолға қойылғанын айтты. Бұл жұмыс азаматтарды, әсіресе жастарды, есірткіні онлайн сатып алудан сақтайды.

Оның айтуынша, есірткінің заңсыз айналымынан түсетін кірістерді жылыстату үшін пайдаланылған 924 банктік шот бұғатталған. Криптоактивтерді пайдалана отырып жасалатын экономикалық қылмыстарға қарсы іс-қимыл жөніндегі арнайы бөлімше құрылған. Крипто-әмияндарға тыйым салу және цифрлық валютаны алып қою тетігі әзірленген. Заңсыз 9 крипто алмастырыштың қызметі жойылған. Ондағы қаржы айналымы 17 миллиард теңгеден асқан.

Президентке Қазақстанда алғаш рет криптовалюта арқылы қылмыстық жолмен тапқан 47 миллион теңге табыс тәркіленіп, Агенттіктің Binance криптобиржасындағы арнайы шотына салынғаны жөнінде баяндалды. Бұдан бөлек, террористік және экстремистік ұйымдардың шоттарына қаражат аударуды көздеген 976 әрекет анықталып, бұғатталған. Экономикалық құқық бұзушылықтардың кейбір белгілері бойынша қылмыстық қудалауды жеңілдету (декриминализация) туралы ұсыныстар енгізілген. Бұл кәсіпкерлерді қорғау шараларын күшейтуге мүмкіндік береді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Агенттік қызметінің негізгі бағыттары бойынша бірқатар нақты тапсырма берді. Мемлекет басшысы адал бизнесті қорғау, қаржы және экономикалық қылмыстарға қарсы күрес шараларын күшейту қажет екенін ерекше атап өтті.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН



Фотос: Akorda.kz

РЕФОРМАЛАРДЫҢ ТҮПКІ МАҚСАТЫ – ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІРІН ЖАҚСARTУ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жуырдағы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауы еліміздің саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуының кешенді жол картасы десек болады. Құқықтық тұрғыдан алғанда, Мемлекет басшысы ұсынған реформалар мен бастамалар әділеттілік, заң үстемдігі принциптеріне адалдықты көрсетеді. Осы ретте билік тармақтары арасында оңтайлы тепе-теңдік орнатуға бағытталған бұған дейін жүргізілген саяси реформалар туралы айта кеткен жөн. Мемлекет басшысы өзінің сайлауалды бағдарламасында-ақ бұл бағытта айқын міндеттер қойды. Ал бытыр наурыздағы Жолдауында түбегейлі саяси реформалар туралы айтты.

Жуырда Мәжіліс және мәслихат депутаттарының сайлауы өтті. Үкімет қайта жасақталды. Осылайша, ауқымды саяси өзгерістің алғашқы кезеңі сәтті өтті деуге болады. Біз билік тармақтарының тепе-теңдігін орнықтырдық. Бұл бастамалар көп ұзамай еліміздің саяси жүйесін ғана емес, әр саласына, әсіресе халықтың әлеуметтік жағдайына, тұрмыс салтына, азаматтық қоғамның қалыптасуына оң әсер етері сөзсіз.

Енді еліміздегі қоғамдық-экономикалық қатынастарды қайта құрумыз керек. Жұртшылық бұл реформаларға зор үміт артып отыр. Сондықтан біз нақты іс-шараларға баса мән беруге тиіспіз.

Бұл ретте, облыс халқының азаматтық белсенділігі көтеріліп келеді. Бытырғы жалпыхалықтық референдумға, Президент сайлауына қатысу көрсеткіші бойынша аймағымыз республикада алдыңғы орында болды. Азаматтық белсенділік осыдан көрінеді.

2-бет

Бұл, әсіресе Қазақстанның ықпалды Парламент пен есеп беретін Үкіметі бар жағдайында өзекті болып отыр. Бұл реформалар биліктің бір қолға шоғырлану қаупін азайтады. Атқарушы биліктің әрекетін заң шығарушы және сот органдарымен тексеруге мүмкіндік береді. Мұндай жүйелік тетіктер арқашан ашық, есеп беретін және әділ басқару құрылымын құруға ықпал етеді.

Соның ішінде ең маңыздысының бірі – саяси партиялар туралы реформа. Жаңа партияның тіркелу процедурасы жеңілдеді. Нәтижесінде жаңа саяси партиялар өмірге келді. Халықтың

мейлінше қоғамда болып жатқан құбылыстарға белсене қатысуы, өзінің азаматтық позициясын көрсете білуі, мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға атсалысуына жағдай жасалуда.

Тағы бір маңызды өзгеріс – Конституциялық реформа. Бұл бастама еліміздің мемлекеттік құрылымының тұғырын нығайтады. Сондай-ақ азаматтық қоғамның дамуына жол ашады, жалпыұлттық диалогты орнықтырады. Түптеп келгенде, бұл қадамдар халықтың әл-ауқатын арттыруға және еліміздің болашағын баянды етуге ықпал етпек.

ТАҒЫМ

ЗАМАН ТУДЫРҒАН ЗАҢҒАР



Жаңақорған ауданының 95 жылдық мерекесі аясында мемлекет және қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері, «Ленин», «Октябрь революциясы» және «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері, Жаңақорған ауданының «ХХ ғасыр адамы» Әбдікерімов Исатай Әбдікерімовтың 100 жылдығына арналған іс-шаралар өткізілді.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ, «Сыр бойы»

Мерейтойлық шара «Ұрпаққа үлгі ұлға тұлға» атты республикалық ғылыми-танымдық конференция жұмысымен басталды. Көрермен әуелі тұлға жайлы тақырыптық бейнежүргізілген танысты. Мұнан соң негізгі шараны аудан әкімі М.Тілеуіметов кіріспе сөз сөйлеп ашты.

3-бет

КҮМІС ЖҮЛДЕЛІ АЛТЫН ҚЫЗ



Каратэ-до – жапондардың ұлттық спорты. Дегенмен, оған әлем жұртшылығының қызығушылығы жоғары. Бүгінде бұл спорт түрі біздің елде де қарқынды дамуда. Қазір ел намысын абыроймен қорғап жүрген каратэшілер қатары көп. Апыс-жақын шетелден олжалы оралып жатқан жерлестеріміз де баршылық. Қытайдың Ханчжоу қаласында өткен Азия ойындарында аталған спорт түрінен жерлесіміз Мәлдір Жаңбырбай күміс жүлде еншіледі. Осы орайда, Мәлдірдің өзімен ой бөлісудің сәті түсті.

Ақтөлеқ БІТІМБАЙ, «Сыр бойы»

Жерлестері Мәлдірдің спорттағы жетістігімен жақсы таныс. Әсіресе, Токио Олимпиадасында бақ сынаған сәтте Сыр елі тілеуін тілеп, жанкүйер болды. Онда жүлделі орыннан көрінбесе де спортшының бағындырған белесі аз емес. Каратэден Әлем және Азия біріншілігінің сан мәрте жеңімпазы. Мұндай көңіл қуантарлық нәтиже оның тынымсыз еңбегі мен үздіксіз жаттығуының жемісі екені анық.

4-бет

ҚОҢҚАБАЕВ ЕЛГЕ ОРАЛДЫ



Қытайдың Ханчжоу қаласында өткен Азия ойындарында күміс жүлдегер атанған боксшы Қамшыбек Қоңқабаев елге оралды. Қызылорда облыстық мәдениет және спорт басқармасы басшысының орынбасары Жігер Айекешов және спорт саласының қызметкерлері мен бапкерлері былғары қолғап шеберін туған жерде күтіп алды.

Жігер Айекешов бәсі жоғары байрақты бәсекеде сәтті өнер көрсеткен боксшыға алғыс білдіріп, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың құттықтауын жеткізді. – Тартысты ойындардың күесі болдық. Оған қоса, Токио Олимпиадасының қола жүлдегері, Қазақ елінің мақтанышы Қамшыбек Қоңқабаев қарсыластарын сенімді жеңді. Оны Еуразия спорт кешенінде спортсүйер қауыммен, жас өрендермен бір үйдің баласындай тамашаладық. Керемет әсер алдық. Енді 2024 жылы Франция астанасы Парижде өтетін Олимпиадада көк туымызды көкке көтеретініне сенеміз. Жерлесімізге сәттілік тілейміз, – деді Жігер Оңдасынұлы.

Ал Қамшыбек өзіне қолдау көрсеткен жандарға алғыс білдіріп, жеңісті жолды Парижде қайталауға ниетті екенін айтты.

Еске салайық, аса ауыр салмақта өнер көрсеткен Қамшыбек Қоңқабаев жартылай финалда үндістандық Нарендерді 5:0 есебімен ұтып, 2024 жылы Франция астанасы Парижде өтетін Олимпиада жолдамасын жеңіп алды. Ол бұған дейін бахрейндік былғары қолғап шебері Данис Латыповпен кездесу өткізіп, онда да 5:0 есебімен басымдыққа ие болған. Алайда, ақтық сында өзбек боксшысы Баходир Жалолова есе жіберіп, күміс жүлде алды.

«СБ» ақпарат

БАСПАСӨЗ – 2024



Құрметті оқырман!

2024 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты газеттерге жазылу науқаны басталды.

«Сыр бойы» газетіне 6 айға жазылу бағасы: жекелер үшін – 4000 теңге, мекемелер үшін – 5000 теңге.

РЕФОРМАЛАРДЫҢ ТҮПКІ МАҚСАТЫ – ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІРІН ЖАҚСARTУ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстандағы сайлау туралы» Конституциялық заңға өзгерістер енгізетін құжатқа қол қойған болатын. Тың өзгерістер ауыл өкімдерінің сайлауын өткізуге жол ашты. Елдегі әділ сайлау ауылдағы әкімді таңдаудан басталар деген үміт бар. Себебі бұл бастама да оң өзгерістерге жол ашып отыр. Халықтың әлеуметтік жағдайы жақсарып келе жатыр деп айтуға болады. Аймағымыз ауысу мәселесін шешу жөнінен де республикада алдыңғы орында. Облыс күні кешеге дейін экологиялық апат аймағы, әрі экономикалық тұрғыдан артта қалған аймақтардың бірі болып келді. Бірақ бүгінгі таңда Сыр өңірінде инфрақұрылым саласының өзінде айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Біздегі жағдай еліміздің өзге өңірлерінен әлдеқайда жағдайы. Ауылдық жерлердің өзінде жылына бірнеше көшеден асфальтталып жатыр. Газдандыру саласында да облысымыз көптеген аймақтардан көш ілгері. Біздегі аудан орталықтарының бәрі «көгілдір отынға» қол жеткізді. Қазір ауылдық жерлерді газдандыру жүріп жатыр. Байланыс сапасы, интернетке қолжетімділік бойынша мәселелер әлі де бар. Бірақ, бұл мәселелер де кезеңімен шешімін табады деп сенеміз.

Осының барлығы – Мемлекет басшысының бастамалары аясында өңір басшылығы жүзеге асырып жатқан жұмыстар. Қазіргі таңда аймақ халқы игілігін көріп отырған оң өзгерістер.

1-бет

Мысалы, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің алдында тұрған басты міндеттің бірі – салауатты, саналы, білімді, ақыл-парасаты мол және ғылыми-мәдени өрісі кең ұрпақ тәрбиелеу басты реформаларының бірі екендігін ерекше атап өтті. Оны жүзеге асыру үшін Үкіметке білім гранттарының санын көбейту, шет аймақтарды білікті мұғалімдермен қамтамасыз ету және елімізде шетелдің озық университеттерінің филиалдарын ашу тәрізді тапсырмалар берді. Бұл дегеніміз, бір жағынан еліміздегі жоғары оқу орындарына зор міндет жүктесе, екінші жағынан бәсекелестікті арттырып, сол арқылы сапалы маман даярлауға жол ашатын деген сенімдеміз.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы Үкімет жасанды интеллекттің дамуы ісіне баса назар аударуға тиіс екенін айтты. Әлемде алдағы бірнеше жылда осы салаға бір триллион доллардан астам инвестиция салынады деген болжам бар. Жасанды интеллект оны дамыта білген елдердің ішкі жалпы өніміне айтарлықтай үлес қосуы мүмкін.

Жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін толық пайдалансақ, білім экономикасына тың серпін береміз. Президент кемінде үш белгілі жоғары оқу орны жасанды интеллект саласына қажетті кадр даярлаумен және зерттеулер жүргізумен айналысуы керектігін айтқан болатын. Осы жерде елімізде жасанды интеллектпен айналысатын алғашқы университет аймағымызда, Қорқыт ата университетінің базасында Сеул ұлттық ғылым және технология

университетімен бірлесіп ашылмақ. Осылайша, аймағымыз Жолдаудан туындаған бұл міндетті алғаш болып қолға алып отыр.

«Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауда жарияланған экономикалық реформалар тұрғысынан жаңа экономикалық саясаттың әділдікке, инклюзивтілікке және прагматизмге баса назар аударуы экономикалық қызметті реттейтін әділ құқықтық базаның негізін қалайды. Мәселен, Президенттің экономиканы орта-тартап және қуатты индустриялық база құру бастамасы жаңа жұмыс орындарын ашуға, табыс теңсіздігін азайтуға және әлеуметтік-экономикалық құқықтарды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл мақсаттар қуатты заңнамалық негізде бекітілген болса, ұзақ мерзімді тұрақтылыққа ықпал ете алады.

Президент Жолдауында салық салу мәселелері талқыланып, салық жеңілдіктерінің көлемін қысқартып, салық орғандары мен салық төлеушілер арасындағы өзара іс-қимылдың сервистік моделіне көшу ұсынылды. Осы ретте, халықтың Президент реформаларынан күтері көп десек, ең негізгі өзгерістердің бірі осы салық саласына қатысты екенін естен шығармаған жөн. Мысалы, Қазақстанда 58 мыңға жуық миллионер бар екен. Бұл ресми дерек. Сондай-ақ, 1,7 млн адамның айлығы 70 мың теңге елемінде екені де белгілі болып отыр. Салық саласындағы реформа осы теңсіздікті азайтуға мүмкіндік береді деген үміт басым.

Прогрессивті салық жүйесін енгізу туралы да айтылып жатыр.

Бұл ұсыныстар жыл соңында Парламент қарауына жіберілетін жаңа салық кодексіне енгізілсе, айқындық, әділеттілік және салық төлеушілерге тең қарау қағидаттарымен үндесіп, сол арқылы салық саясатын нығайта түсер еді.

Қорытындылай келе, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда дамудың жаңа кезеңі басталатынын айтты. Жалпы, Президент бастамалары аясындағы маңызды реформалар соңғы бірнеше жылдан бері іске асырылып келеді. Бұл каламдар онтайлы нәтижелерін бере бастады. Отандық ірі бизнес өкілдерімен кездесу барысында да Мемлекет басшысы бизнес-қауымдастықты Жаңа Қазақстанның негізі болуға тиісті жаңа экономикалық саясатты қалыптастыру үшін бірлесіп жұмыс істеуге шақырды. Жаңа Қазақстан деген нені білдіреді? Бұл кейбір сарапшылар ұсынғандай, мемлекеттік аппаратты жанарту ғана емес. Бұл – ең алдымен, қоғамдық құндылықтарды қайта жаңғырту. Жаңа Қазақстан – жаңа міндет, ортақ мұрат. Оған қол жеткізу үшін әрбір азамат өз саласында сапалы еңбек етуге тиіс.

Баймырза ҚОЖАМБЕРЛИЕВ, филология ғылымдарының докторы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің филология және әлеуметтік-гуманитарлық кафедрасының профессоры



Фото: Ашық деректерден

ЗАҢСЫЗ АКТИВТЕР ҚАЛАЙ ҚАЙТАРЫЛАДЫ?

Өткен аптада Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен заңсыз иемденілген активтерді қайтару мәселесі жөнінде кеңес өтті. Жиынға Премьер-министр Әлихан Смайылов, Президент Әкімшілігінің Басшысы Олжас Бектенов, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаев, Премьер-министрдің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу және Бас прокуратураның басшылығы қатысты.

Сb Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

Мемлекет басшысына кеңестің күн тәртібіндегі мәселе бойынша қабылданып жатқан шаралар мен бұған дейін берілген тапсырмалардың орындалу нәтижелері туралы баяндалды. Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік әділдікті қалпына келтіруге және мемлекетке қайтарылған активтерді елімізді дамыту үшін пайдалануға бағытталған бұл жұмыстың маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ осы іске жұмылдырылған барлық мемлекеттік құрылымдардың жұмысын жандандыру қажет екенін айтты.

Президенттің ірі бизнес өкілдерімен қыркүйек айының ортасында өткен кездесуінің де ең маңызды тақырыбы заңсыз алынған активтерді қайтару болған еді. Мемлекет басшысы активтерді қайтару туралы алғаш 2021 жылдың мамырында айтты. Ал бұнығы жылдың шілдесінде бұл идея заңға айналды.

12 шілдеде қабылданған құжат ресми түрде «Заңсыз алынған мүліктегі мемлекетке қайтару туралы» заң деп аталады. Мақсаты – «Қазақстан Республикасындағы мүлікті қайтару және оларды заңды экономикалық айналымға тарту, оларды заңсыз иемдену мен алып қояуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою, сондай-ақ қоғамда әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру». «Активтерді қайтару» процесі қалай жүзеге асады? Оны түсіну үшін заңның ережелерін, Президенттің мәлімдемелерін түсіндіруге тырысып көрсек.

Зан Қазақстан Республикасында заңсыз жолмен алынған кірістерге алынған активтерге қатысты болады. Мұндай табыс, заң мәтінінен түсінуге болатындай, әкімшілік ресурстарды пайдаланумен байланысты барлық кірістерді білдіреді. Тергеуді бастау үшін адамның «активтерді сатып алу» заңдылығына қатысты негізді күмән» жеткілікті.

Квазимемлекеттік сектордың бұрынғы және қазіргі лауазымды тұлғалары мен басшылары құны олардың кірістерінен жоғары активтер, кәсіпкерлердің бәсекелестікке жатпайтын жағдайларға байланысты алынған кірістері іздестірілетін болады. Прокурорларға күмән тудыруы мүмкін белгілерге әдеттен тыс бизнес жағдайлары мен нарықтық емес операциялар жаталады. Прокурорлар сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және ішкі құжаттарды бұза отырып, ЕДБ немесе Қазақстанның Даму банкіне анық қайтарылмайтын қарыз түрінде немесе нарықтық емес шарттарда несие алу кезінде келтірілген залалдар туралы істерді де тергеуде.

Заңсыз кірісті бағалау үшін қаржылық есептіліктен бастап «БАҚ-тағы аналитикалық шолулардағы ақпаратқа» дейінгі дереккөздердің барлығы пайдаланылады.

Тағы бір айта кетерлігі, зан Қазақстан аумағында құрылған барлық юрисдикцияларға қолданылады. Прокуратура шетелдегі активтерді де іздестіретін болады. Зан қазақстандықтар мен шетелдіктерге, лауазымды адамдар мен кәсіпкерлерге, тергеудің тікелей субъектілеріне және олармен байланысты тұлғаларға қолданылады. Прокурорлар жыл сайын өз интернет-ресурсында активтерді өндіріп алу жөніндегі жұмыс нәтижелерін жариялауға міндетті.



КӘСІПТІК БІЛІМ

Ұлттық экономиканың бірқатар саласында кадр тапшылығы қатты сезілуде. Әсіресе, техникалық және жұмысшы мамандар жетіспейді. Сондықтан осы салаларға қатысты білім берумен мықнап айналысқан жөн.

Мемлекет басшының Жолдауынан



Ал 2020-2023 оқу жылында оқу орны министрлік және «Татар» АҚ ұйымдастырған «Жас маман» жобасына қатысып, нәтижесінде бірнеше мамандық бойынша қажетті құрал-жабдықтар алынып, жаңа техникалармен толықтырылды. Оның ішінде «Ұсталық дәнекерлеу» оқу шеберханасы, «Жеңіл автомобиль құрылымы зертханасы», «Жеңіл автокөліктерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу» шеберханасы жабдықталды.

Оқытушы білікті болса, маман да мықты

Оқу орнында бірінші және жоғары санатты, жаңа аттестаттау ережесіне сай модератор, сарапшы, зерттеуші біліктілік санатын алған инженер-педагогтар, ғылым магистрлері, ғылым кандидаты қызмет атқарады.

Білім берудің жаңа мазмұны – инновациялық білім және тәрбие беру, озық отандық және шетелдік оқыту тәжірибесін қолданысқа енгізу бағытында оқу орнының инженер-педагогтері Беларусь, Германия, Франция, Сингапур, Малайзия сынды мемлекеттерде біліктілік арттырып, тағылымдамадан өтіп, жинақтаған тәжірибелерін оқыту жүйесінде кеңінен қолданып келеді. Жалпы кейінгі 5 жыл көлемінде оқу орнының инженер-педагогтерінің 30-ға жуық еңбегі жарыққа шығып, түрлі байқауларда жоғары жетістіктерге жеткен.

Тағы бір тың бастама, оқу орнында «Барыс» әскери-патриоттық үйірмесі жұмыс жасайды. Жетекшісі, запастағы майор А.Қабылов. Үйірменің мақсатына сай білім алушы жастардың әскери технологияны жетік меңгеруі қарастырылған. «Барыс» үйірмесі бүгінде №2019 әскери бөлімімен бірлесіп, жастарды отансүйгіштікке баулуға жүйелі жұмыс жүргізіп келеді.

Быыл колледжде 16 оқу тобында 336 студент, түзету мекемесінің 2 оқу тобында 30 студент білім алуа.

Жалпы 336 білім алушының 280-і мемлекеттік шәкіртқамен қамтылған. Олардың ішінде әлеуметтік санаттары бойынша тиісті жеңілдіктерді пайдаланатындар бар.

Үздік түлектер бәсекеге қабілетті

Колледж бітірушілерінің соңғы үш жылдағы көрсеткішіне зер салсақ, 2019-2020 оқу жылында 190 маман бітірсе, 154 (81%), 2020-2021 оқу жылында 204 маман бітірсе, 168 (82%), ал 2021-2022 оқу жылы бойынша 135 жас маман (98 %) жұмысқа орналасқан.

Колледж басшысының айтуынша, осындай шәкірттің бірі «Дәнекерлеу ісі» мамандығы бойынша білім алған үздік түлек А.Тойманов бүгінде өз кәсібін ашып, дәнекерлеу жұмыстарымен айналысады. Ал осы мамандықты иеленген үздік түлек С.Сермаханов қазір Франция мемлекетінің ірі кәсіпорнында келісім-шарт негізінде жұмыс жасайды.

Қазірдің өзінде колледжде «Мелиоратор», «Вест-авто», «Қызылорда жолдары» ЖШС, «Қызылорда су жүйесі» МКК, «Монтаж-спецстрой» ЖШС, «ҚазГермұнай» БК» ЖШС, «Қызылорда жылу электр орталығы» ЖШС, Ы.Жақаев атындағы қазақ күрші шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты, т.б көптеген ірі өндіріс орындары қажетті жұмысшы мамандарға сұраныс берген.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДАРҒА СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

Жыл өткен сайын жұмысшы мамандарға деген сұраныс артып келеді. Оның бір себебі, заманауи техника мен технологияны игеретін маман тапшы. Мысалы, тұрмыстық қондырғыларды орнатудан бастап, ауыл шаруашылығы, құрылыс, коммуналдық сала бойынша қызмет көрсететін алып техникаларды тізгіндеу сіз бен біз ойлағандай оңай шаруа емес. Сондықтан кейінгі жылдары кәсіптік білім беру ісіне мемлекет тарапынан қолдау шаралары артып келеді.

Сb Газиза ӘБИЛДА, «Сыр бойы»

Іргетасы 1955 жылы қаланған Қызылорда политехникалық колледжіне 2014 жылы мемлекет және қоғам қайраткері Мұстахым Біләулы Ысқановтың есімі берілді. Оқу ғимаратының жобалық құрастырылуы – 560 орны, 20 теориялық пан кабинеттері, 6 зертхана, 6 оқу-өндірістік шеберхана, 100 орындық асхана, 200 орындық акт залы, спорт залы, 20 мыңнан астам кітап қоры бар кітапхана жұмыс жасайды. Колледж директоры Тәжмен Оразбекұлының айтуынша, қазіргі уақытта даярланатын мамандықтарға сай облыс төңірегіндегі 20-дан астам өнеркәсіптік мекемелермен алдын ала келісім-шарт жасасып, әлеуметтік әріптестік орнатылған.

Оқу орны кәсіби мамандар даярлауда мемлекеттік тапсырысты (12 мамандық, 24 біліктілік бойынша) лайықты орындап келеді.

– Еліміздегі техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары кейінгі жылдары бірнеше реформа кезеңдерінен өтуде. Соның бірі – 2015-2016 оқу жылынан бастап, «Дуальдық оқыту» әдісі қолданысқа енді. Бұл оқыту әдісі бойынша оқу жоспарлары өнеркәсіптік мекемелермен келісе бекітіліп, талапқа сай үш жақты келісім-шарттар дайындалып, оқу кезеңінің 60 пайызы өнеркәсіптік мекемелерде өткізіледі. Айта кету керек, бүгінде дуальды оқытудың тиімділігі дәлелденіп, оң нәтижесін көрсетіп отыр. Тағы бірі, облыстық білім басқармасының бұйрығымен 2017-2018 оқу жылынан бастап даярланатын мамандықтардың жұмыстық оқу бағдарламасы модульдік-құзыреттілік әдістемесі негізінде енгізілді. Ал 2018-2019 оқу жылынан ҚР Білім және

ғылым министрлігінің нұсқаулығы бойынша оқу үрдісіне ТЖКБ 141 мамандық бойынша өзектендірілген үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары қолданысқа енді. Сонымен қатар, 2020-2021 жылдан колледждің оқу жоспарлары «Кредиттік модульдік технологиясы» бойынша дайындалып, уақыт талабына бейімделді, – дейді колледж директоры.

Өндірістік-техникалық база қандай?

Оқу орнында уақыт талабына сай оқу кабинеттері мен шеберханалар, зертханалар толық жабдықталған. Мысалы, 15-ке жуық оқу кабинетін айтпағанда, 17 зертхана бар. Оның ішінде «Тракторларды, автомобильдерді және ауылшаруашылық машиналарын жөндеу», «Жол құрылыс машиналарды пайдалану және жөндеу», «Слесарьлық іс шеберханасы», «Ауыл шаруашылығын электрмен жабдықтау», «Техникалық талдау және өндірісті бақылау» зертханаларында білім алушылармен тұрақты жұмыс жүргізіледі. Сонымен қатар оқу орны атынан біліктіліктеріне сай 13 инженер-педагог, жабдықтаушы мекеме мамандарынан алынған құрал-жабдық және техникалардың сипаттамалары мен қызметтері тақырыптары бойынша арнайы дәріс алып, сертификат иеленген.

Мамандар нарық талабына жауап бере ала ма?

Маман даярлаудағы басты шарттардың бірі – сұранысқа сай болуы. Бұл бағытта оқу орны министрліктің техникалық және кәсіптік білім беру департаментінің ұйымдастыруымен өткен бірнеше жобаларға қатысқан. Айталық, 2014 жылы «Техникалық және кәсіби білім беруді модернизациялау» жобасы аясында Бүкіл әлемдік даму банкі қорынан «Автомобиль крандарының машинисі» біліктілігі бойынша грант жеңімпазы атанды. Сол сияқты, 2014 жылы маусымның 1-12 аралығында, колледждің басқару құрылымының өкілдері, оқытушылар, өндірістік оқыту шеберлері Германия мемлекетінде болып, халықаралық біліктілік арттыру курсына қатысып, тәжірибелерін байытып кайтты.

ИСАТАЙ ӘБДІКӘРІМОВТИҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ

Ел жадында жаңғырған есім



Даналығын да, даралығын да қоғам мойындаған, мемлекет және қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері, Ұлы Отан соғысының ардагері, марқұм Исатай Әбдікәрімов ағамыздың есімін ел-халқы өте жақсы біледі, таниды өрі қадір тұтады.

Біз әңгіме басын даналықтан бастадық. Өйткені елге белгілі мемлекет қайраткері Исатай Әбдікәрімов ағамыз өзінің алғаш еңбек жолын 1940 жылы Жаңақорған аудандық «Екпінді» газетінде қатардағы әдеби қызметтен бастауының өзі даналық дер едім. Кеудесінде даналыққа бастайтын терең ой мен кемел ақылдың сәулесі, жарығы болмаса ол айналаға нұрын шашар ма еді? Әрине жоқ. Білген адамға журналистика оңай сала емес. Оны да кеуде сарайында әдебиетке жақындығы бар, қанында қазықылқ есіліп тұрған, шежіре мен тарихтан хабардар, өзіндік айтар ойы бар адам ғана атқара алатын қызмет.

Бойында осындай асыл қасиеттері бар тұмса талант иесі Исатай Әбдікәрімов өзінің ізденімпаздық, алғырлық қасиеттерінің арқасында алға қадам басып, Жаңақорған, Қармақшы аудандық комсомол комитетінің 1-хатшы қызметтерін атқарып, жалынды жас іскерлігімен, ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түседі. Осыдан соң ақ бірнеше ауданды басқарып, Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы жолынан өтіп, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Төрағасы лауазымына дейін барудың даралығын осындайда неге айтпасақ?! Ол кісінің алғырлығы, іскерлігі, істі ұйымдастыра білудегі шеберлігі, айналдындағы әріптестерін таңғалдырады.

Исекеңнің өмір жолын оқып, танып, білсең шындығы керек, пендеміз ғой, қазіргідей біреу демеді, біреу сүйеді деп айтуға ешқандай ауыз бармайды. Өйткені ол кісінің өмірі өте күрделі. Әкесі Әбдікәрімов ағай «Әзгенетт» шығарып шаруагер адам болғанмен кезіндегі қуғын-сүргінді басынан өткерген. Сол дүрбелең шақта өлместің күнін

кешіп шығыр айдап жанын баққан адам. «Қайтсем күнімді көрем» деген сүрініп-қабынып жүрген пенде саясатты не қылсын? Шығыршының күні белгілі. Елге су айдаумен өмірі өтеді. Су басынан алыс кету мүмкін емес. Қанша киналып күн кешіп жүрсе де Әбдікәрімов әкейдің бойында қазаққа тән кең пейіл көңіл мен дархандылық қасиет ешқашан жоғалмаған. Содан болар, Исекеңнің бойында да осы қасиеттер берік орын алғандығы байқаймыз.

Өмір дегеннің түсінісіз жақтары өте көп қой. Аяқастынан Ұлы Отан соғысы басталып, ел азаматтары майданға аттанып жатты. Осы тұста 1923 жылдың 15-мамырында өмірге келген Әбдікәрімов ақсақалдың баласы Исатай да 1941 жылы қатарынан қалмай, сұрапыл соғысқа аттанады. Ол кезде Әбдікәрімов әкесі колхоздың малын бағып жапан далада жалғыз ұй отырған-ды. «Елмен бірге көрген ұлы той ғой» деп Әбеке ақсақал шүкіршілік етті. Ал әскери дайындықтан өткен жауынгер Исекең 1942 жылдың жазында от пен оқтың ортасына келіп тұрды. Рота басқарды. Ажалмен бетпе-бет келген ол абжыланды ысқырған оқтың ортасында қан кешті. Күніге бірнеше майдандардастары оққа ұшып жатты. Оқ қарша жауғанда жанын аман қалуын ойлау мүмкін емес еді. Ротадағы Исекеңнің жауынгерлерінің бәрі табанды, шетінен ержүрек келді. Қорқып-үркүді білмеді. Әсіресе, Жиздра өзені алуадағы жанталаста өзі де ауыр жараланды. Аспан тәңкеріліп жерге түскендей болды. Одан ағырсы не болғаны есінде жоқ. Осы тұста ауылына «Қара қағаз» жеткенде, Әбдікәрімов ақсақал естіртуге келгендерді үй маңына жолатпай, күшіп жібереді. Оның себебі де жок емес. Соның алдында түс көріп онда ауыл сыртына ақбоз үй тігіп, қымыз ішіп отырыпты. Осыны оңа жорып, хабаршыларды жолатпауы сол екен. Осы түсі өмірде өзінің жорығанындай боп келіп, қайран әкенің тілегі қабыл болып, содан Исекең ағамыз соғыстан аман-есен елге оралады.

Исатай Әбдікәрімов қанды арпалыстан келісімен комсомол, партия-келес жұмыстарына белсене араласып кетеді. Өзінің еңбексүйгіштігінің арқасында жасампаз елдің іресіні

нығайтуға, экономикасын дамытуға, Сыр бойын өркендетуге, халықтың әлеуетін арттыруға бар күш-жігерін салады. Айдаһардай аузын ашқан ажал қаймықтыра алмаған от кеудеге еңбек қиындығы не тұрсын? Бәрінің көзін біледі. Өйткені оны өмір үйретті, өмір өзі шындады, пісірді, қайрады. Соғыста жүргенде де небір шешуші ұрыста жол тауып, немістің алынбас қамалын талқандағанда, күрмеуи иың істің көзін қалай таппасын? Ол соғыстың тактикасынан ауыр емес екені анық. Тек істі ұтымды, ұтқыр етіп ұйымдастыра білуі қажеттігі берік ұстанды.

Комсомолдан бастаған 1-хатшылық қызметі оны облыстық партия комитетінің нұсқаушылығына әкелді. Ол жерде жүргенде де маңдайын бірден күн шала қойған жоқ. Өйткені «мол-даның баласы, ағасы – халық жауы, өзі қожға» деп жазған домалақ арыздар үстінен домалап жатты. Оған ол жасымады. Сол бір қайсарлық қалпынан әсте танбай партия тапсырған жұмысты мұлткізсіз орындаумен жүрді. Әр кезде әкесі Әбдікәрімовтің айтқан «Балам, елге жасаған, адамға тигізген арамдығың, зияның болмаса, өрқашанда «Аққа Құдай жақ» деген сөзі мәңгі жадында қалған-ды. Осыны ұстанған Исекең Аллаға, адальдығына, өзіне сенді. Ешқандаш асыра сөйлемеді, ешнәрден асыра сілтемеді. Сөйтіп жүріп Мәскеудегі жоғары партия мектебін бітірді. 1957 жылы Шиелі ауданы партия комитетінің 1-хатшысы болып тағайындалады. Орда бұзар отыздан асқан тұсында Ыбырай Жақаев, Ұлбала Алтайбаева, Л.Хан сынды еңбек майдандарынан төлім-тәжірибе жинады. Олармен үнемі ақылдасып, күрші егудегі ой-пікірлерін жалында сақтап, әрдайым қолдап отырды. Сол кезеңдегі Шиелі ауданы атқару комитетінің Төрағасы Қонысбек Қазантаевтай іскер жанды үнемі жанынан тастамады. Ол кісінің беренділігін, іске беріктігін, бір-сөзділігін танып, «барды бар, жоқты жоқ» деп тіке айтатындығын ұнатса керек. Әрдайым Қонысбек ағамен ақылдасып барып іс жасайтынын өз естелігінде сөз еткен екен. Қазақта «Балықшы балықшыны алыстан таниды» деген нақыл сөз бар. Қызмет жолында бір-бірін бағалай, қолпаштай

білуі бүгінгі аға-ініге үлгі боларлықтай. Өсер елдің баласы осылай келсе керек.

1965 жылы Жалағаш ауданының бірінші хатшысына тағайындалған Исатай Әбдікәрімов өзінің Шиеліден жинаған тәжірибесін осы ауданда көрсетуіне тура келді. Қалай десекте, бұл ауданда өзіне үлгі тұтқан тау тұлғалы аға-замандастары көп еді. Бір жағынан соларға арқа сүйеуіне тура келді. Атап айтқанда, Мәрілі Шәменов, Несіпбай Әпрезов, Алдаберген Бисенов, Ұзақ Еспанов, Цай Ден Хақ, Камал Бердәулетов секілді тұлғалармен тізе қоса, тіл табыса еңбек етуге кірісті. Оларда Исекеңе дем берді, қолдау көрсетті. Шаңнан көз аштырмайтын жолдарға тас төселіп жөнделе бастады. Аудан мәдениетін, экономикасын, егінің көтеру де тынымсыз тер төкті. Сөйтіп аудан даңқы облысқа, республикаға таныла бастады. Жалағаш ақ күршінің фабрикасы атанды. 1971 жылы наурызда тамаша жетістікке қол жеткізгені үшін Исатай Әбдікәрімов Социалистік Еңбек Ері атағын алып, кеудесіне «Алтын жұлдыз» медалі тағылады. Ал 1972 жылы Қызылорда облысының 1-хатшысы болып бекітіледі. Облыстың тізгінін қолына алған ол КСРО-нің бас хатшысы Л.И.Брежневке тіке кіріп, «Құмкөл», «Шалқия» кеніштерін игеру мәселесін көтерді. Бас хатшыға тікелей кіру екінің бірін қолынан келе бермейтін жайт. Өзі басылық еткен жылдар ішінде облыс орталығында небір алып өндіріс орындары жаңадан бой көтерді. Соның бірі силикат зауыты мен тоқылмайтын маталар фабрикасы десек болады. Өзінің іскерлігімен, алғырлығымен, еңбекқорлығымен, білім-біліктілігімен есімі кеңге тараған, еңбекпен жиган абройының биік-беделінің арқасында Исатай Әбдікәрімов Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы болды.

Осылай Сырдың сұңқары өзінің даналығының, даралығының, ақылдылығының, пайым-парасатының биіктігі нәтижесінде республикамыздың беделді тегінің тізгінін ұстайды. Сөйтіп, қазақтың біртуар перзенті, көрнекті ұлы тұлғасы Д.Қонаевтың сеніміне ие болады.

Жоғарғы Кеңестің Президиумының Төрағасы болған тұста КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының ұказымен облыстық «Ленин жолы», қазіргі «Сыр бойы» газеті «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды. Көріңіз бе, Исатай Әбдікәрімов өзі алғаш еңбек жолын бастаған қазақ бәспәсөзін қалай бағалауы? Міне, бұл да болса ол кісінің нағыз даналығы, газетке деген құрметі екендігі анық.

Осындай үлкен жүректі тұлға биыл 100 жасқа толып отыр. Тау тұлғаның Сыр еліне еткен шексіз еңбегі әлі талай жаңғыра жазылып, айтыла береріне сенімдімін. Исатай Әбдікәрімовтің өмір жолы көзі қарақты жандарға аян. Біз білетін осындай алып тұлғаның ғұмыры көпке үлгі болып қала берері анық.

Серік ДҮЙСЕНБАЕВ,
облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы, «Құрмет» орденінің иегері, Шиелі ауданының, Қызылорда қаласының Құрметті азаматы

Электр энергиясын тұтынушылары назарына!

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 06.10.2023 жылғы №43-03-08/845 дәлелді қорытындысына сәйкес «Энергосервис» ЖШС тұтынушыларына 15.10.2023 жылдан бастап электр энергиясының бөлшек сауда нарығында жабықтау тарифтерінің өзгергендігі туралы хабарлайды:

- Орташа босату (базалық) тарифі 1 кВт*сағатына – қосымша күн салығынсыз – 20,31 теңге, қосымша күн салығымен – 22,7472 теңге
- 1.1. Жеке тұлғалар үшін орташа босату тарифі – 20,552 теңге ҚҚС-мен
- 1.2. Заңды тұлғалар үшін орташа босату тарифі – 25,7264 теңге ҚҚС-мен
2. Жеке тұлғалардың электр энергиясын тұтыну көлеміне сай (қосымша күн салығымен)

2.1. Электр плиталарын қолданбайтын тұтынушыларға:

* 1-денгей	– 1 адамға 1 айға (70 кВт*сағ.дейін)	19,4656 теңге
* 2-денгей	– 1 адамға 1 айға (71 -150 кВт*сағ. аралығы)	24,6512 теңге
* 3-денгей	– 1 адамға 1 айға (150 кВт*сағ.жоғары)	30,8224 теңге

2.2. Электр плиталарын қолданатын тұтынушыларға:

* 1-денгей	– 1 адамға 1 айға (90 кВт*сағ.дейін)	19,4656 теңге
* 2-денгей	– 1 адамға 1 айға (91 -170 кВт*сағ. аралығы)	24,6512 теңге
* 3-денгей	– 1 адамға 1 айға (170 кВт*сағ.жоғары)	30,8224 теңге

2.3. Жалғыз тұратын зейнеткерлер, мүгедектер, Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген тұлғаларға:

* 1-денгей	– 1 адамға 1 айға (100 кВт*сағ.дейін)	19,4656 теңге
* 2-денгей	– 1 адамға 1 айға (101 -170 кВт*сағ. аралығы)	24,6512 теңге
* 3-денгей	– 1 адамға 1 айға (171 кВт*сағ.жоғары)	30,8224 теңге

3. Заңды тұлғалар және кәсіпкерлік пен басқа да шаруашылық нысандары үшін (тұтынушылар санатына қарай)–

№	Тұтынушы санаты	Қосымша күн салығынсыз	Қосымша күн салығымен
1.	Бюджеттік мекемелер	31,45 теңге	35,224 теңге
2.	Өзге заңды тұлғалар мен кәсіпкерлік субъектілері, басқа да шаруашылық нысандары	20,31 теңге	22,7472 теңге

«Энергосервис» ЕЖШС өкімшілігі

(ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінен 2009 жылдың 14 шілдесінде №0000498 мемлекеттік лицензиясы берілген)

Шиелі, Жаңақорған, Сырдария, Қармақшы және Жалағаш аудандары бойынша электр энергиясын тұтынушылары назарына!

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 06.10.2023 жылғы №43-02-08/846 дәлелді қорытындысына сәйкес «Шиелі Жарығы» ЖШС тұтынушыларына 15.10.2023 жылдан бастап электр энергиясының бөлшек сауда нарығында жабықтау тарифтерінің өзгергендігі туралы хабарлайды:

- Орташа босату (базалық) тарифі 1 кВт*сағатына – қосымша күн салығынсыз – 18,90 теңге, қосымша күн салығымен – 21,168 теңге
- 1.1. Жеке тұлғалар үшін орташа босату тарифі – 21,168 теңге ҚҚС-мен
- 1.2. Заңды тұлғалар үшін орташа босату тарифі – 21,168 теңге ҚҚС-мен
- 1.3. Жеке тұлғалардың электр энергиясын тұтыну көлеміне сай (қосымша күн салығымен)

2. Электр плиталарын қолданбайтын тұтынушыларға:

* 1-денгей	– 1 адамға 1 айға (70 кВт*сағ.дейін)	20,70 теңге
* 2-денгей	– 1 адамға 1 айға (71 -150 кВт*сағ. аралығы)	25,40 теңге
* 3-денгей	– 1 адамға 1 айға (150 кВт*сағ.жоғары)	31,74 теңге

2.2. Электр плиталарын қолданатын тұтынушыларға:

* 1-денгей	– 1 адамға 1 айға (90 кВт*сағ.дейін)	20,70 теңге
* 2-денгей	– 1 адамға 1 айға (91 -170 кВт*сағ. аралығы)	25,40 теңге
* 3-денгей	– 1 адамға 1 айға (170 кВт*сағ.жоғары)	31,74 теңге

2.3. Жалғыз тұратын зейнеткерлер, мүгедектер, Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген тұлғаларға:

* 1-денгей	– 1 адамға 1 айға (100 кВт*сағ.дейін)	20,70 теңге
* 2-денгей	– 1 адамға 1 айға (101 -170 кВт*сағ. аралығы)	25,40 теңге
* 3-денгей	– 1 адамға 1 айға (171 кВт*сағ.жоғары)	31,74 теңге

3. Заңды тұлғалар және кәсіпкерлік пен басқа да шаруашылық нысандары үшін (тұтынушылар санатына қарай)–

№	Тұтынушы санаты	Қосымша күн салығынсыз	Қосымша күн салығымен
1.	Бюджеттік мекемелер	18,90 теңге	21,168 теңге
2.	Өзге заңды тұлғалар мен кәсіпкерлік субъектілері, басқа да шаруашылық нысандары	18,90 теңге	21,168 теңге

«Шиелі Жарығы» ЖШС өкімшілігі

(ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінен 2009 жылдың 16 шілдесінде №0000507 мемлекеттік лицензиясы берілген)

Еске алып, жылдық асына шақырамыз



Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Жалған дүние неткен қатал еді? Біреуге ерте, біреуге кеш келетін сұм ажал Расул Әбуәліұлының осыдан бір жыл бұрын небәрі 49 жасында бақылық сапарға алып кетті.

Ардақты азаматтың қазасы отбасымызды ғана емес, күллі Сыр тұртылылығының қабырғасын қайыстырды. Себебі ардақтымыз елі үшін туған азамат болатын. Оның саналы ғұмырындағы үлгі ісі көпке үлгі болды. Қыруар іс тындырып, жаны жабырқағанның жанынан табылды. Депутат атанып, ел сеніміне ие болды.

Расул Есенов туған жерді түлетіп, ауданның экономикасын, әлеуметтік хал-ахуалын жақсартуға үлесін қосты. Халық қалаулысы ретінде ауданның

өсіп-өркендеуіне атсалысты. Ауданда алғашқылардың бірі ретінде кәсіпкерлікпен айналысып, серіктестік құрып, халықты қатты отымен қамтамасыз етті. Талай азаматқа жұмыс беріп, жанар-жағармай құю бекетін, күрші зауытын ашып, ауданның құрылыс жұмыстарын жүргізіп, халыққа қызмет көрсетті. Аузын ашса, жүрегі көрінетін ардақты жанның бұл жалғанда жасаған жақсылығын, қамқорлығын талай адам көрді десек қателеспейміз. Амал қанша, Алланың ісіне қарсы келетін шама бар ма? Артында қалған ұрпағына Алла ұзақ өмір берсін деп тілейміз. Халықтың ұлы, ардақты перзенті деген қасиетті сөздер өкеміздің рухын нұрландырып, жанын жаннатта ете гөр деп дұға етеміз.

Марқұм Есенов Расул Әбуәліұлының қонақасы 2023 жылдың 13 қазан күні сағат 15.00-де Теренөзек кентіндегі өзінің қарашаңырағында, жылдық асы 14 қазан күні Қызылорда қаласындағы орталық мешітте сағат 15.00-де берілетін хабарлаймыз. Қалаға барушылар үшін кенттен арнайы көлік қарастырылған.

Еске алушылар ата-анасы, бауыры, зайыбы, балалары мен немерелері

Заман тудырған заңғар



Елдің экономикасы мен халықтың мәдени-рухани қалыптасуына ерен еңбек сіңірген Исатай Әбдікәрімов тұлғасының ұрпақ үшін маңыздылығына тоқталды. Қызылорда облыстық мастихатының төрағасы Наурызбай Байқадамов баяндама жасап, Әбдікәрімов секілді Еңбек ері бейнесінің өмірлік өнеге болып қала беретінін айттып, тұлғаларға тағзым етудің мәнін жеткізді.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы Тұрсын Хаз-

ретәлі де сүбелі ойларын ортаға салды.

Кезінде осы ауданның басшылық қызметінде болған азаматтар Нөжмедін Мұсабаев, Ибрагим Әбибулаев сияқты ел ағалары тұлғамен тұтас қызмет еткен кездерінен естеліктер айтты. Әбдікәрімов феноменінің ұрпаққа үлгі болатын мысалдарына тоқтады.

Мұнан әрі мерейтой шарасы Қожакент ауылында жалғасты. Көпшілік И.Әбдікәрімов атындағы орта мектеп ауласынан тұрғызылған тұлғаның кеуде мүсініне гүл шоқтарын қойды және арнайы берілген асқа қол жайып, дұға бағыштады.

Астан соң ауыл тұрғындары



«Елмен егіз туған ер» атты облыстық жазба ақындар мұшайрасын тамашалады. Жыр мерекесін аудан әкімінің орынбасары Бектас Нуридинов ашып, ақындарға ақ жол тіледі.

Ақындар өлеңіне белгілі тұлғаның биік болмысы арқа болды. Сұлу сөзбен сурет салған ақындар ой мен қиялдың ұшқырлығын танытып, көрермен қошеметіне бөленді.

Қазақстан Жазушылар одағы облыстың филиалының төрағасы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, ақын Қаршыға Есімсейітова бастаған қазылар алқасы Шалғат Күзембай 1-орын, қызылордалық Габит Қадірбай

2-орын, қармақшылық Мөлдір Төңірбергенова 3-орын сыйлығына лайықталды.

Жыр додасымен қатар ауыл сыртында көкпар досы да қызып жатты. Қыл құйрықты кіл жүйрікті тақымында ойнатқан қарулы жігіттердің тартысын тамашалаудың өзі ганибет.

Астана қаласынан келген көкпаршы, Түтіскен ауылының тумасы Наурызқожа Өмзеев «Lada granta» автокөлігінің жеңімпазы атанды. Ал тұркістандық көкпаршы Бағлан Жәрменовке бір өгіз бастаған тоғыз сыйға берілді. Ең көп салымға қол жеткізген көкпаршы Талап елді-мекенінен келген Нұрлыбек Асқаров болды. Исатай Әбдікәрімов –

КҮМІС ЖҮЛДЕЛІ АЛТЫН ҚЫЗ



1-бт

Спортқа енді қадам басқан жас өренге Мөлдір секілді қаратқанын кәсіби жолы өнеге боларлық. Ешкім жетектемесе де өмір жолын таңдауға деген батыл қадам спортшыны жаттығу залына бастаған. Бала кезінен өзге қыз балалардай қуыршаққа емес, керісінше, көрші балалармен төбелесіп, доп теуіп, футбол ойнағанға бейім болыпты. Тіпті, үйдің маңынан спорт мектебінің ашылатынын естіген бойда қашан жұмыс істейтінін білу үшін күнде баруды әдетке айналдырады. Ал спорт мектебіне қабылданған соң жаттығуды жібермей, әр сабаққа тынғылықты дайындалып отырған. Содан болар, қаратқе әпкесі мен інісі де барғанымен соңына дейін қатысқан Мөлдір ғана екен. Айтуын-

ша, бүгінде қаратқе хоббидан өмірлік кәсібіне айналған. – Жаттығуды бастағанымға небәрі үш ай болғанда алғаш рет Тараз қаласына жарысқа бардым. Долада қола болып, II орын алғаным есімде. Ал шетелдегі тұңғыш сайысыма 2009 жылы жолым түсті. Ол – Пекинде болған Әлем чемпионаты. Ол сапарда да қанжыға майланып, II орын иелендім. Содан бері ешбір сайыстан жүлдегісіз оралған емеспін. Тек ересектер бөлігіне ауысқан кезде кішкене қаттырақ ойнадым. Мен үшін 2021-2023 жылдар аралығы жетістікке толы болды. Бірнеше халықаралық жарыста топ жардым. Оның ішінде Португалияда II орын алсам, Мәскеуде I орын иелендім. Онан соң Париждегі жарыста топ жарып, Олимпиадаға жолдама ұтып алдым. Атап айтарлық, Олимпиада ойындарына қатысып, марқұм жаттықтырушы Рүстем Батырханұлының арманын орындадым. Оған беріле Алматыда өткен ересектер арасындағы Азия чемпи-

онатында алтыннан алқа тақтым. Міне, биыл Қытайдың Ханжоу қаласынан да күміс жүлдені иеленіп, олжалы оралып отырмыз. Жалпы спорттан алған тәжірибем, өмірлік сабағым жетерлік. Денсаулығым да біршама зиян келді, – дейді қаратқе.

Еске салайық, Мөлдір алғашқы кездесуінде гонконгтық қарсыласы Азия чемпионы Йе Тинг Цангтен айласын асырып, 3:2 есебімен жеңіске жеткен болатын. Онан соң екі дүркін Әлем чемпионы жапондық Мико Михараннан 6:5 есебімен ба-сым түсті. Ал жартылай финалда Әлем чемпионатының қола жүлдегері ирандық Сара Бахманиярды 5:4 есебімен тізе бүктіріп, ақтық сығна жолдама алды. Алтын медаль үшін айкаста 2018 жылғы Азия ойындарының чемпионы тайпелік Шиану Шунан Гүмен 5:5 есебімен тең түсті. Дегенмен, соңғы нәтижелі әдісті қарсыласы жасағандықтан, жеңіс Тайпейге бұйырды. Осылайша, Мөлдір қоржынымызға Азия ойындарының күміс жүлдесін салды.

Айтпақшы, бұл байрақты баскезде Қазақстан құрамына 10 алтын, 22 күміс және 49 қола жүлде енішілеп, командалық есепте 11-орынға тұрақтады. Ал сирбойлық спортшылар 2 күміс, 4 қола жүлде алды.



Өмір – шам, кездесерміз қалса сөнбей...

«Сыр елі – жыр елі» деген нақылға айналған сөздің пайда болуына Тұрмағамбет Ізтілеуов атындағы ауылдың тікелей қатысы бар. Өйткені, жүздеген ақын-жырау туған сүйелер мекенінің қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі орны ерекше. Даңғайыр ақын, Сыр сүйелі Тұрмағамбет есімінен аталатын осы мекенде батыр да, ғалым да, Еңбек ері де, даңқты күршіші, ұстаз да, ақын-жырау да, генералдар мен саяси-әкімшілік қызметкерлер де туып-өсті. Осындай дарын иелерінің бірі жыр жүйріктерінің ізін жалғаған майдангер ақын Нұрмағамбет Жаңаеулі мен оның баласы Нұри Нұрмағамбетұлы еді. Майдангер ақынның 110 жылдығына орай Қармақшы ауданының Тұрмағамбет ауылында рухани еске алу кеші өтті.

Шара «Тағзым» алаңында майдангер ақын құрметіне тул қою рәсімінен басталып, әкелі-балалы ақындар Нұрмағамбет және Нұри Жаңаеулілердің өмірі мен шығармашылығына арналған «Тағдыры тасқа біткен қос ақын» атты кітаптың тұсаукесерімен жалғасты.

Оған Қармақшы ауданының әкімі Жандос Еркінбекұлы, ауданның шығармашылық, зиялы қауым өкілдері, ауыл тұрғындары қатысты.

Жиналғандар қос ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты естеліктерін ортаға салды. Алматы қаласынан арнайы келген филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ерхан Кәрібозов баяндама жасады.

Ғалымның айтуынша, Нұрмағамбет ақынның жазған әрбір хаты, өлеңдері ауылдастарына, замандастарына рух берді, жеңіске жігерлендірді.

Ол Нұрмағамбет өлеңдерінің өз тарихы мен тағдыры бар екенін айтты. Өлеңдерден майдандағы ахуалды, ел-жұрттың тыныс-тіршілігін, қаралайым адамдық қатынастарды, сыйластықты көреміз. «Елге сәлем», «Туған ауылға хат» өлеңдерінде туған жерге деген сағынышты, қайсар мінезін көрсетеді. «Антым бұл халқым үшін жемем жауды» деген сөздің өзі ақынның бойындағы көзсіз батырлықты, ерлік жалынды жеткізеді.

Шараға қатысқандар Нұрмағамбет өлеңдерінің мән-мазмұнын, соғыс жылдарындағы еліміздің рухани дамуына қосқан үлесі ғылыми тұрғыда зерттеп, әлі де насихаттауды қажет ететінін айтты.

Нұрмағамбет Жаңаев 1912 жылы Тұрмағамбет ауылында туған. Ол жастайынан оқуға зерек, қоғамда белсенділігімен танылды. Ақын Тұрмағамбет Ізтілеуовтың дәріс алып, хат таныды.

Ол 1942 жылы 25 сәуірде Ұлы Отан соғысына аттанады. Украин майданында фашистік басқыншыларға қарсы соғысқан. Онда ауылдасы Шәрибек Іздібаевпен, жерлесі Ертай Бабасовпен кездескен. Бораған оқ астында бір-біріне серік, сырлас, мұңдас дос болды.

Шәрибек Іздібаев майданда досы өмірден өтсе де, қан майданда бірге өткізген қиын күндерді ешқашан естен шығармады. Өмірінің соңына дейін достыққа деген алдындығын тартқан жоқ. Нұрмағамбеттің өлеңдерін қағазға түсіріп, өмір бойы сақтап, ұрпақтарына аманаттап тапсырды.

Нұрмағамбет Жаңаев бауырмалдық, ағалық ілтипатпен өлең арнаған азаматтардың бірі майдандасы Ертай Бабасов болды. Ақын атамсыз туралы естеліктерді жинау барысында оның ұрпақтарын іздеген едік. Шәрибек Іздібаевқа соңғы жазған хатында көрсеткен мекен-жайы Жезқазған облысы Жезді ауданы Қарсақбай ауылы еді. Жезқазған облысы қазір Ұлытау облысы болып қайта құрылған. Осында майдангердің баласы Гайнолла Бабасовты тауып, оның соғыстан кейінгі өмірі мен отбасы туралы мәліметтерді жинақтадық.

Нұрбол СЕРІКБЕКОВ

Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасының ұжымы сала ардагері, журналист, сатирик Орынбасар Әлжікке қарындасы **Сәуле Қарабалыққызының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы және Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, журналист, сатирик Орынбасар Әлжікке қарындасы **Сәуле Қарабалыққызының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газетіміздің келесі саны 11 қазан, сәрсенбі күні шығады

Қазақ – қашанда әулие-әмбиелердің, бабалардың рухын ардақ тұтқан халық. «Бабалар рухына бас игеннің ісі оң болар, жұмысы жөн болар, оған жұрттың ықыласы ауып, Алла жолын оңғарар» деген екен өз заманындағы Сыр бойының білімдары Әлшіораз ахун.

Облыс әкімінің қолдауымен, облыстық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен Сыр бойындағы Оқшы ата, Төлегетай ата, Хорасан баба кесенелеріне зиярат етуге және Сығанақ қалашығына 30-дан аса еңбек ардагері сапарлап барып қайтты. Зиярат етушілерді облыстық ардагерлер кеңесінің төраға орынбасары Өмірбек Шәменов бастап барды. Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев сапар барысын түсіндіріп, ақжол тілеп шығарып салды. Бағыттымыз жайлы және әулиелердің өмірі туралы кітапхана саласының еңбек ардагері, бүгінде Қорқыт ата атындағы университетінің дәріскері Шамшахар Қанқожаева қысқаша баяндады.

Қаладан шығып үлкен жолға түскен автобустың тынысы ашылып алға арқырай жөнкілді. Әулиелер жайында қызықты әңгімелер өрбіп, Оқшы ата кесенесіне қалай жеткенімізді байқамай да қалдық. Жүргізуші азамат: «Оу, көкелер-ау, ағайындар-ау, Оқшы атаға келдік» дегенде барып, жұрттың атыға талқысы мен таласы кілт үзділді.

Автобустан түскен ардагерлер алдымен Есабыз баба мешітінің ішіне кіріп, жеті әулиеге дұға етті. Мешіт имамы зиярат етушілермен емен-жарқын сөйлесіп, ел-жұрттың аман-дәулетін тілеп, сапарымыздың сәтті өтуіне тілек білдірді. Оқшы ата кешені маңындағы жеті әулие кесенесін аралату үшін отыз жылдан бері шырақшы қызметін атқарып жүрген Әбдіназар Қайыпназарұлының жанымызға қосып берді. Ол бабалар жайлы, әулиелер хакында сөз шертті.

Алдымен ардагерлер Асқанқайы мазарына тәу етіп, Құран бағыштады. Бұл маңда Қыш ата, Оқшы ата, Гайып ата, Есабыз бабамен қатар Бала би, Досболдатқа сияқты дара тұлғалардың кесенесі орын тепкен. Оқшы ата мазаратын халық «Жеті әулие» деп те атайды екен. Атамыздың азан шақырып қойған ныспысы Көгентүп делінсе, кейбір деректерде Ибраһим делінеді. Ал Оқшы ата халық берген есім екен.

Облыстық телерадиокомпания-да қызмет жасап жүрген кезімде «Ел-малы» ауылдық округінің әкімі, алғашы бөлімшісі ақын, марқұм Дәулетбек Байдрахманов ағамыздың жиі кездесіп тұрды. Сондай кездесулерде шежіреден сыр шертіп, тарихты қаузайтты. Бірде: «оны халық «Оқшы ата» деп атап кеткені жөнінде білесің бе?» деді. Сосын «Негізінде ауылдағы үлкен кісілердің айтуынан естілгені, Оқшы атамыздың шын есімі Көгентүп екен. Бабамыздың атын ұрпақтың дәулетті, сәулетті, түпті, майлы-сайлы, терең ойлы болсын деп қойса керек. Мен негізінде қазақ тілі маманымын ғой. Көгентүп мағынасы осыған саяды. Көген қазығынан оңайлықпен жұлынбайды әрі шешілмейді. Оқшы ата – бір кіндіктен жалғыз болған жан. Қазақта бата бергенде де «көгенжөз ұрпағын көп болсын» деген. Ол кісінің есімін осылай ырымдап қойған деп ойлаймын. Ал Ибраһим деген қосалқы есім болса керек» дегені бар.

Оқшы атадан шыққан автобус Жаңақорғандағы Хорасан ата мазаратына бет алды. Ғылым мен білімді меңгергені соншалықты біз бет алып



Қасиетті орындарға зиярат

бара жатқан Хорасан ата (Әбдіжәлил баб) кезінде шешек ауруына қарсы ем тапқан. Терең ілімінің арқасында әулие атанған, барша халық оны қадір тұтқан.

Хорасан ата исламның қайнарына қанып өсіп, ғылымына бой ұрған. Пайғамбарымыз бір хадис шәрипінде «Құран оқу – көңілдің шипасы» деген екен. Сонда Құран рухани жан дүниеніңізге нұр беретін, жарық беретін, күш-қайрат сыйлайтын шипа көзі екенін мензесе керек. Міне, осыны терең түсінген бабаларымыз адамды дорі-доріменкісі емдеуге болатынын білген.

Жалпы VII ғасырда өлемді дүр сілкіндірген ислам тек ғана дінді емес, ғылым мен білімді ала келді. Сөйтіп, қасиетті Құранның аяттары адам баласының кеудесіне өзінің жарық сәулесінің нұрын себе бастады. Құранды жұрт жүрегіне жеткізу жолында өркеніетке ұмтылған ұлы тұлғаларды, данышпандарды өмірге әкелді. Міне, осы тұста бізге де келіп жеткен ислам өркеніетіне бабаларымыз аса зор ерекшелігіні елі сала қарап, имандылық иірімдері мен ғылым, білім жауһарларына құныға беріліп, әділдіктің ақ жолын ту етіп, адамгершілік пен гуманизм жолдарын шын жүреппен қабылдай бастады. Оны байытуға, дамытуға даналарымыз өз үлесін қосты. Осы ретте Сыр бойындағы ислам орталығына айналған Сығанақ, Жент, Баршынтақ, Арқек, Өзгент, Сайрам (Исфиджаб), Шортөбе, Түркістан, ежелгі Тараз шаһарлары осы сөздеріміздің айғағы болса керек. Сөйтіп, ілім мен білім жолында небір ғұламаларды уақыт тудыра бастады. Осылай ислам өркеніеті біздің сайын даламызда кең қанат жая бастағаны белгілі. 31 жасында Отырарда имамдық еткен, Шам, Бағдал, Мысыр еліне барып ислам діні мен ғылым-ілімін зерттеп, сан алуан еңбек жазған, Қайр медресесіне жетекшілік жасаған Қауам ад-Дин әл Итгани әл Фарабиді неге айтып, мақтаныш етпеске? Сондай-ақ Қайрдегі Бейбарыс медресесіне басшылық еткен ежелгі тараздық Ғибадулла ат Тарази ат Түркістандидің ілімдегі жолдарын неге тілге тиек етпеске?

Қызу әңгіме мен зерделі ой үстінде отырған ардагерлер мінген автобус

шаршатпай Хорасан ата кешеніне алып келді. «Хорасан ата» қоғамдық қорының президенті Асылбек Айтжанов, Хорасан ата ұрпағы Мұхтар Бұрханов және кешен жанынашыры Изәтүлла Төлегенов жылы шыраймен сәлемдесе күтіп алды. Алыстан сапарлап келген ардагерлерді түстендіріп мазаратқа Асылбек ініміздің өзі бастап барды.

Біз барғанда кешен айналысындағы жолдарға заманауи үлгіде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқанын көріп, көңіліміз өсіп сала берді. Жол жөндеушілер қызу тірлік үстінде. Жиектастарды да жаңалап жатыр. Жұрыл-облыс әкімі Нұрлыбек Машбекулы Хорасан ата кешені маңына күрделі жұмыстар жүргізілетінін жеткізіп, көруші, зерттеушілерге барынша жағдай жасалатынын айтқан.

Қор президентінің айтуынша, Хорасан ата кешеніне жақын 7 шақырым жерде «Қазатомпрома» қарасты кен орнында екі мекеме жұмыс істейді. Соның бірі «Байкен U» кешені ба-сындағы үйлер мен қонақжайды жарықпен, жылумен тегін қамтамасыз етіп отыр.

– Бұл жердегі үй-жайлардың бәрі заманауи талапқа сай, келуші жан-дарға қызмет көрсетеді. Жылына кешенге 10 мыңнан аса адам келіп-кетеді. Атап айтқанда, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан секілді басқа да шет елдерден де келеді, – деді Алмасбек Досқожаұлы.

Қор перзиденті Әбдіжалылулы Үсейінінің осы жерге Меккедегі Қағ-баның көшірмесін әкелуі жайлы сұра-ды ушықтата айтып, Мұхтар ағаға қарады. Бұл жайды ол кісі қызықты етіп жеткізді:

– Хорасан ата таң намазын оқып болысымен денесі қалып, рухы жоқ болады екен. Оны күндердің күнінде баласы сезді. «Әке, мен сезем, намазды оқып болысымен рухыңды дененіңізге жоқ болады» дегенде, Хорасан ата: «Балам, сен сұрадың мен айттайын онда. Мен намаз оқып болы-сымен рухым Меккеге барып, Қағбаны туып етіп келемін» деген екен. Сонда баласы: «Мен онда, сол Қағбаны осында көшіріп әкелсем қалай болады?» деп, қайта-қайта айтып қоймапты. Баласының ілімін сынамақ болып бір

күні келісімін береді. Әкесінің ақ батасын алған бала Меккеге жол жүріп кетеді. Меккеге барғанда Қағба жоғары көтеріліп оның көлеңкесі жерге түседі. Оны ешкім баспасын деп ағашпен сызып алады да, көшірмесін, яғни көлеңкесін әкеліп қояды. Біз кесене ішіне еніп кесек қабырғаны көрдік.

Бұдан соң Асылбек Досқожаұлы тағы бір қызықты жайттың шетін шығарды. «Осы жердегі кесененің шырақшысы Мейрамбектің әкесі Нұрқожа деген шырақшы болған. Әкесінің әкесі Әбітай атамыз да осы жерде шырақшы болған. Бұл – шырақшылық ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан үлкен әулет. Нұрқожа көкеміз Қағбаның көлеңкесі маңынан құдық қазып көреді. Су шыққанға тұды болып, пайдалануға жарамайды. Бір күні өлең шаршап келіп, ұйықтап кетсе керек. Түсінде басында ақ сәлдегі бар бір кісі аян беріпті. «Әй, балам, анау Қағбаның қасында бір топ ақ шенгел бар. Сол жерден құдық қазсаң ел пайдаланатын тұщы су шығады, тұр орнынан» деді. Барып қараса, осы құдық тұрған жерде ақ шенгел бар екен. Кейіннен Меккедегі Қағба мен жанындағы құдықтың ара қашықтығы мен осы Қағбаның көлеңкесі мен құдық арасын салыстырып қараса, екеуі бірдей болып шығады.

Енді бұл құдық суының құпиясын айтайын. Бір шелек су алып құйынсаңыздар, түрлі жараға ем. Ана жерде арнайы шомылтатын кабина тұр. Бұл судың қасиеті мен кереметін ел-халыққа айта жүрініздер, – деді ол.

Осы жерде облыстық ардагерлер кеңесінің төраға орынбасары Өмірбек Шәменов қор президенті мен елге жанышарықпен қызмет жасап жүрген азаматтарға, зиярат етуші ардагерлерге алғысын білдірді.

– Бүгін жанымыз жақсы сөздерден нәр алып, әулиелер басына келіп зиярат етіп, Құран бағыштап бойымыз сергіп, жеңілдеп қалдық. «Құран оқылған жерде Алла тағаланың шексіз мейірімі, рахымы жауады» деген хадис шәриптерден. Өздеріңіз білесіздер, бүгінде теріс қылық көбейді. Осының бәрі Құранның аз оқылуынан да шығар.

– Жақсы сөзді жаттасан, Хат болары ақиқат. Ағайында мақтасан, Жақ болары ақиқат. Жақсы тайды баптасан, Ат болары ақиқат. Әулиені аттасан, Жоқ болары ақиқат. Үлкендерден бата алсаң, Бақ қонары ақиқат, – деген екен біздің данагері бабаларымыз. Осы сапарға бізге қолдау танытқан ел азаматтарына және күтіп алып қызмет жасаған сіздерге мың рахмет! – деді төраға орынбасары.

Хорасан ата кесенесінен шығысымен Төлегетай ата мен Қылышты атының басына барып, дұға жасалды. Күн еңкейе Сығанақ қалашығына ат басын тіредік. Сунақ ата ауылының солтүстік батысынан орын тепкен қалашық орны бір кездері Қыпшақ хандығының, Ақ орданың астанасы болғанын тарихтан жақсы білеміз. Қазақ хандығы құрылғанда Түркістанмен қатар, Сығанақ қазақ жерін басқару орталығының біріне айналған. Сунақ ата мазаратына барып, Құран бағыштадық. Осы соңғы мезгіл жерден шыққан біз Қызылордаға қарай бет бұрдық. Осылай сапарымыз сәтті аяқталып, әулиелерге зиярат еткен ардагерлер көтеріңкі көңіл-күйде қалаға жетті.

Кенжәлы ЕРІМБЕТОВ.

Шиелі-Жаңақорған-Қызылорда

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» – ақыл қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.